

# Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні

№ 07 (501) 30 сәуір 2021 ЖЫЛ



## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ПӘН ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ КУБОГЫ — БІЗДІҢ БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕРДЕ!

3-курс студенті Ақбота Ергешбай, 2-курс студенттері Сандуғаш Бектұрова, Назерке Имашова бар, профессор Бекжігіт Сердәлінің жетекшілігіндегі 6В032-Журналистика білім беру бағдарламасының командасы 13 жоғары оқу орны қатысқан пән олимпиадасында 1-орынды иеленді. Келесі жылы білім сайысын Түркістанда – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында өткізу құқығын беретін Ауыспалы Кубокты жеңіп алды.

2 БЕТТЕ

### 1 МАМЫР — ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Мейрам Қазақстан халқын ел аумағында тұратын өзге ұлттардың мәдениеті және дәстүрлерімен таныстырып, ұлт тұтастығын нығайта түседі. Біздің оқу ордамызда түркі дүниесінің 19 елінен келген 40-тан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері білім алууда.

4 БЕТТЕ

### ӘЛЕМНІҢ 22 ЕЛІНЕ САЯХАТТАҒАН ТҮРКІСТАНДЫҚ ЖИҺАНГЕЗ

Студенттік шақ - әрбір адамның өміріндегі ең қызық кезең деп ойлаймын. Әрбір уақытыңды секундына дейін пайдалы өткізгеніңіз абзал. Ғаламтор немесе кино көріп емес, пайдалы бір кітап оқып, ізденісте болу керек. Ең маңыздысы баға үшін емес, өзіңді дамыту үшін әрдайым ізденісте болу. Өйткені әрбір пән мұғалімінің тапсырмасы келешектегі өмірге және жұмысқа деген дайындық деп ойлаймын.

8 БЕТТЕ

#### Құрметті университет ұжымы!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн достық, сыйластық, ынтымақ мерекесі. Елімізде тұратын 120-дан астам ұлттар арасындағы достық, сыйластық, ынтымағы жарасқан татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман.

Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі орналасқан Түркістан талай ғасырдан бері мұсылманшылықтың алтын бесігі болып келеді. Оны бүкіл қазақ жұрты, түркі әлемі ерекше қасиет тұтып, биыл Түркі дүниесінің рухани астанасы мәртебесін берді. Түркі жұртының ынтымақтастығының белгісі ретінде Түркістан гүлденіп, түрленіп жатыр.

Бірлік пен татулықтың бір үлгісі ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін де ерекше айта аламыз. Бір шаңырақ астында 19 елдің 40-тан астам ұлт пен ұлыстың жастары білім алып, қазақ мәдениетін танытуға үлес қосуда.

Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігіміз нығайып, елде тұрақтылық орнады. Бір шаңырақ астындағы өмір сүріп отырған халқымыздың ынтымақтастығы мен өзара ауызбіршілігі нығая түссін. Қазақстан ұлтаралық татулықтың символына айналып, достық, бірлік мәңгі жасай берсін!

Ж.А.Темірбекова,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің ректоры



## УНИВЕРСИТЕТІМІЗ АЛМАТЫ МЕНЕДЖМЕНТ УНИВЕРСИТЕТІМЕН МЕМОРАНДУМҒА ОТЫРДЫ

Түркі мемлекеттерінің қара шаңырағына айналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен әлемдік деңгейдегі әлеуметтік жауапкершілігі мол кәсіпкерлік – Алматы менеджмент университеттері арасында меморандум жасалды.

Меморандумға қос университеттің басшылары Жанар Темірбекова мен Асылбек Қожахметов қол қойды.

Басты мақсат – әріптестік байланысты нығайта отырып, үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғамды дамыту, біліктілікті арттыру және заман талабына сай технологиялармен жұмыс жасау.

Келелі жиынға Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры Айман Мұсаходжаева, Алматы менеджмент университетінің білім беруді дамыту институтының директоры Шынар Иманғалиева және оқу ордамыздың проректорлары мен қызметкерлері қатысты.

Сонымен қатар, кездесу барысында Алматы менеджмент университетінде құрылған үкіметтік емес ұйымдар академиясы бойынша ортақ жобалар жасау үшін «Оңтүстік хаб» жұмысы құрылды.

Кездесу соңында Қазақстандағы алғашқы бизнес мектеп – Алматы менеджмент мектебінің негізін қалаушы және президенті Асылбек Қожахметов университетімізге жылы лебізін білдіре отырып, алдағы уақытта екі білім ошағы арасында тәжірибе алмасу, әріптестік бағыттағы түрлі жобалардың іске асатынын айтты.



## ЖАҢАЛЫҚТАР

## ПӘН ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ КУБОГЫ – БІЗДІҢ БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕРДЕ!

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «6B032-Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша дәстүрлі пән олимпиадасы өтті. Бұл жолғы білім сайысы карантин талаптарына сәйкес онлайн форматта ұйымдастырылды. Еліміздің 13 жоғары оқу орнынан қатысып жатқан болашақ журналистер бір-бірімен ZOOM платформасы арқылы танысып, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

Екі күнге созылған сайыстың алғашқы күні студенттер журналистік шеберліктерін танытатын таныстырылымдарын бейнеролик түрінде ұсынды. Таныстыру кезеңінде әр команда өз атауын, ұранын, эмблемасын қорғап, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласының желісі бойынша түсірілген бейнесюжеттерін көрсетті. Бейнесюжеттерде ел басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының мақаласында айтылған ой-түйіндер, негізгі бағыттар көрініс тапты.

Түстен кейін студенттер журналист шеберлігін көрсететін «Тұғырлы Тәуелсіздікке 30 жыл», «Қазақстанның кемел келешегі», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыптарында эссе жазды. Эссе мазмұнында тарихи тұлғалар, тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің қол жеткізген жетістіктері, Ұлы Дала шежіресі, жастардың қоғамдағы рөлі т.б. мәселелер қамтылды. Бұл сынақта студенттің берілген тақырыпты аша алуы, өзіндік ой-пікірі, көзқарасы сарапқа салынды. Әсіресе жастардың өз ойын жеткізе алуы, цитаталарды пайдалануы, тіл жүйелілігі, стилінің сақталуы, мәтінінің сауаттылығы ерекше назарға алынды. Эссе антиплагиаттан тексеру, тақырыптың ашылуын сараптау, сауаттылығы мен жазу шеберлігін айқындау түрінде бағаланды.

Пән олимпиадасының екінші кезеңі базалық төрт пән бойынша тестілеуден басталып, газет шығару тәжірибесіне ұласты. Басылым мазмұнында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы, ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы Н.Назарбаевтың тәуелсіздік жылдарындағы ерен еңбегі, Тәуелсіздік тарландары (белгілі тұлғалар) туралы жазбалар, Қазақ радиосының 100 жылдық мерейтойы, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы, сондай-ақ, белгілі журналистермен сыр-сұхбат, т.б тақырыптарын қамтыған материалдардың болуы ескерілді.

Нәтижесінде құрамында 3-курс студенті Ақбота Ергешбай, 2-курс студенттері Сандуғаш Бектұрова, Назерке Имашова бар, профессор Бекжігіт Сердәлінің жетекшілігіндегі 6B032-Журналистика білім беру бағдарламасының командасы 13 жоғары оқу орны қатысқан пән олимпиадасында 1-орынды иеленді. Келесі жылы білім сайысын Түркістанда – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында өткізу құқығын беретін Ауыспалы Кубокты жеңіп алды.

## СТУДЕНТТЕРІМІЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ!

Жуырда Семей қаласында самбо күресінен жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында оқу ордамыздың денешынықтыру және спорт мамандығының спортшы студенттері жүлдегер атанды. Атап өтер болсақ, қыздар арасында 59 кг салмақта Құдасбек Гүлзира жеңімпаз атанып, Қазақстан Республикасының спорт шеберлігі атағын және Әлем чемпионатына жолдама



алса, 80 кг салмақта Есенбек Назгүл 2-орын иегері атанды. Спортшыларымыздың жаттықтырушысы оқу сауықтыру бөлімінің аға бапкері Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, профессор Әбдісадық Халилаев. Байрақты бәсекелерде ел намысын қорғап, оқу одамыздың атын танытып жүрген спортшыларымыздың жеңісі көп болғай.

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Түркология ғылыми-зерттеу институты мен Назарбаев университеті бірлесіп онлайн конференция ұйымдастырды. Түркі әлеміндегі чуваштар мәдениеті жайында арнайы баяндама жасап, түрколог ғалымдарды ортақ сұхбатқа шақырған ғалым, профессор Булент Байрам болды. Конференцияда модераторлық етіп, чуваш-татар әдебиетіндегі ортақ белгілер жайында сөз қозғаған ғалым, Назарбаев университетінің профессоры Юлай Шамилоғлы конференция тілін қазақ-түрік тілдерінде жүргізді. Булент Байрам чуваш мәдениетінің зерттелуі мен дамуы жайында көп ізденіп, мажарлар мен татарлар әдебиетімен де салыстырулар жасағанын және басқа халықтарға қарағанда чуваштардың мәдениетіндегі түркілік байланыс жайында көп зерттегенін жеткізді. Бүгінде чуваштардың тілінің ауырлығына байланысты түркологтар көп іздене бермейтіні, есесіне чуваштардың өнері, фольклоры, мәдениетіндегі байланыстар жөнінде орыс тілінде материал көп екенін айтып өтті. Сібір халықтарындағыдай чуваштарда да архаикалық дүниелерді көптеп кездестіруге болатынын өзі түсірген суреттер арқылы көпке мәлім етті. Түркі халықтарының тілі жайында көп ізденіп, мол мағлұматтарымен бөліскені үшін профессор Булент Байрамға конференция соңында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, зор алғыстарын білдірді.

\*\*\*

Қазақстан Республикасының Халық ақыны Әселхан Қалыбекова бүгін оқу орда басшысы Жанар Амангелдіқызын арнайы құттықтап келді. Өзінің ыстық ықыласы мен сағынышын арнайы өлең етіп қағазға түсіріп әкелген апамыз, арнауын өзі оқып берді. Арнайы іздеп келіп, өлеңін оқып, батасын берген ақ жаулықты ана Әселхан Қалыбековаға университет ректоры Жанар Темірбекова жылы лебізі мен үлкен алғысын білдіріп оқу ордамыздың ботаникалық бағында алғаш рет гүлдеген, «Президент Назарбаев» қызғалдағының гүл шоғын тарту етті. Айтыс өнерінде талай жыр сүлейлерін шыңдап жүрген апамызға зор денсаулық пен шалқар шабыт тіледі.

\*\*\*

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті Физика кафедрасы және Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті бірлесе отырып «Заманауи ғылыми зерттеулер: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясы онлайн форматында өтті.

\*\*\*

ЖОО дейінгі дайындық факультетінің тыңдаушысы Ақерке қола медаль иегері атанды. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «El Umiti» бастамасы аясында өзірленген «Елбасы медалі» жобасына дайындық факультетінің тыңдаушысы Берекешова Ақерке Жайылханқызы қатысып, қола медаль иегері атанды. Ректор өкілі Жәніс Тоғар жоба жүлдегері Берекешова Ақеркені құттықтай отырып, тыңдаушымызға сертификат, төсбелгі және медальді табыстады. Сонымен қатар, алдағы уақытта толағай табыстарға жете беруіне тілектестігін білдірді.

\*\*\*

Қасиетті Рамазан айында ХҚТУ Өкілетті Кеңесі, университет ұжымы мен Түркиялық Сұлтанбейлі Муниципалитетінің ұйымдастыруымен оқу ордамыздың жатақханасында тұратын студенттерге азық-түлік қораптары таратылды.

Түркиялық бауырлар Рамазан айына арнаған осындай сыйымен қатар жалынды сәлемі мен ыстық ықыласын да қатар жолдады. Университетіміздің ректор өкілі Жәніс Тоғар: «Түркі дүниесінен келген білімгерлер мен барша жатақханада тұратын студенттерге азық-түлік үлестірілді. Биылғы жылы Ковид-19 эпидемиясының болуына байланысты біз студенттермен бірлескен ифтар жасай алмаймыз. Демеушілік жасаған ізгі жандарға ХҚТУ Өкілетті Кеңесіне, ректоратқа, Сұлтанбейлі муниципалитетіне үлкен алғысымызды айтамыз» деді.

Іс-шара барысында жатақханада тұратын барша студенттер азық-түлікпен қатар сыйлықтар да алды. Бұндай қайырымдылық шаралары жыл сайын өткізіліп келеді. Мұсылман қауымы үшін жылдың ең қасиетті айы Рамазанда жасаған сауапты істеріңіз қабыл болсын!

## БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

**Тәж тажал... Бүгінгі күннің басты жаңалығына айналып отыр. Бұлай болар деп кім ойлаған?! Әлемге келген апат жер шары халқының үрейін алып, дүр сілкіндірді. Бүкіл ғаламның ақ халаттылары адам жанын жалмаған тілсіз жаумен күресуде. Дәрігерлердің айтар кеңесі: карантин режимін қатаң сақтап, үйден шықпау. Бұл бұйрыққа бағыну - біздің азаматтық борышымыз. Қытайдан бастау алған індет қазақ елін де айналып өтпеді. Пандемия қаншама отбасына қаралы хабар жеткізіп, жүректерге жара салып, адамзатты әуре-сарсаңға түсірді.**

Біз студент болсақ та, үстімізге ақ халатты «елдің алғысы мен батасын алсақ», «халық денсаулығын жақсартуға үлес қоссақ екен» деген мақсатпен киеміз. Дана халқымыз да сол ақ халатты киіп жүрген адамгершілігі мен мейірімі мол жандарды ерекше бағалайды. Саналы санамыз бен кеудеміздегі жұдырықтай ғана жүрегіміз «Мен елімнің ертеңімін» деп соғады. Сапалы білім мен саналы тәрбие көріп жүрген мына біздер – болашақ дәрігерлер қауымы бұл сәтте өздерінің білімділігі мен жауапкершіліктерін көрсете отырып, өздерінің және жақындарының амансаулығы үшін еңбектерін аямайды.

Алапат аурумен күресу жолында өз істеріне шынайы берілген, қызметіне адал медицина қызметкерлері де коронавирустың құрбандарына айналды. «Елім, жерім, халқым», «солар үшін қызмет етемін», «халқымның жолында жаным пида» деген ақ халатты абзал жандарға барша Қазақ елі алғыс айтып, оларға құрмет көрсетуде. Майданда қару асынып, түндіз-түні елінің тыныштығын күзеткен жауынгерлер секілді дәрігерлер қауымы халық өмірі мен денсаулығы үшін тәуекелге бел буып, алапат аурумен күресуде. Сол қатарда біз үлгі тұтатын ұлағатты ұстазымыз, медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары дәрежелі инфекционист Айгүл Сұрамысова да бар. Түркістан облысы бойынша



ең алғаш рет 2 сәуірде Кентау қаласында ашылған инфекциялық госпитальды басқарып, сол жерде қызмет атқарған болатын. 2020 жылдың 2 сәуірінде ашылған госпиталь 23 қыркүйекте жабылды. Осы уақыт аралығында дәрігерлер күн демей, түн демей кезекпен ауысып жұмыс жасады. Кезіккен қаншама қиындыққа қарамай, бастарын қатерге тігіп, отбасынан жырақта жүріп, ауыр қорғаныш киімдерімен аптаған ыстықта жұмыс жасау олар үшін оңайға соқпады. Дегенмен де, ел үшін, халық үшін барлығын жеңіп шықты. Өз өмірлерінен науқастың өмірін биікке қойған дәрігерлердің өздері де кеселге ұшырап, қайсарлық пен төзімділіктің арқасында жазылып шықты. Айгүл Тұрсынбекқызы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылдың 4 мамырдағы №271 бұйрығы бойынша «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісіне, ҚР Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі Жарлығы бойынша «Халық алғысы» мерекелік төсбелгісіне ие болды. Сіздердей жаны жайсаң, жанды дәрігерлерге қандай құрмет жасаса да жарасады. Сіздердей ұстаздардан білім алып отырған мына біздер бақыттымыз. Сіздердің батылдықтарыңыз бен қайсарлықтарыңыз бізге үлгі. Сұрамысова Айгүл апайымыз баршамызға вакцина жасау қажеттігін, екпе алу – қазіргі індеттің шешімі екендігін айтады. Біздер болашақ дәрігер ретінде ауыр кеселге айналған жұмбақ вируспен арпалысып жатқан адам жанының жанашыры, ақ халат киген жер бетіндегі періштелерге

алғысымыз бен құрметімізді жеткізе отырып, сіздерді үлгі тұтып, мақтан етеміз. Коронавирустан бірге сақтанайық! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Нұрсәуле БАТЫРХАН.**  
Медицина факультетінің студенті

## БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ ҺӘМ ҚАЗАҚ

«Отбасы банкі» арқылы «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысуға өтініштер қабылдап жатыр. Бұл бағдарламамен тек үй кезегінде тұрған:

- көп балалы аналар;
- толық емес отбасылар;
- мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеушілер ипотекалық баспана ала алады.

Алғашқы жарна 10% ғана. Алғашқы жарнаға ақшасы болмаған жағдайды оны әкімдік береді. 2%- бен қайтарады. Былай қарағанда керемет. Несие сомасының шектік мөлшері Алматы мен Астана үшін 15 млн, ал өңірлерге 10 млн теңге көлемінде. Ал енді бұл сомаға ірі қалаларда 1 бөлмелі пәтер табу қиын.

2019 жылы «көп балалы аналар» мәселесі хит болып, күйіп тұрды. Бір інішек осы бағдарламамен үй алатын болды. Ведомстволық жатақханада тұратын 4 баласы бар, қарапайым жұмысшы жігіт. «Әпке, сіз осы былтыр үй қарап жүрдіңіз, пәтер алдыңыз. Таныс риэлтор бар ма?, деді. Көмектескім келді. Агенттікке келіп пәтер іздедік әлгі інішекке. Әкімдік 1 млн теңге көлемінде алғашқы жарнаға қаржы бөліпті. Банктің беретіні – 10 млн ғана. Шарты: жаңа үйден пәтер табу керек. Қайталама нарықтан (ескі үйлерден) алуға рұқсат жоқ. Ол да болса көп жеңілдік еді. Депозитінде өзі жинаған қаржысы болмағандықтан ондай жеңілдіктен қағылады-мыс. Ал, енді шарқ ұрып Нұр-Сұлтаннан 1 ай іздеп 1 бөлмелі пәтер таба алмадық. Өзер дегенде 11 млн 850 мыңға бір пәтер таптық. Риэлтор қыздар үй застройщиктермен сөйлесіп банкке бағасын шарттағыдай көрсетіп, артығын қолма-қол төлейтін болып келісті. Інім қуанды, бір кезде реңі қуарды.

– Не болды, жай ма?

– Тәте, мен банктен хабар келгесін, кредиттерің болмасын деген соң, бауырларымнан қарызданып жүріп 800 мыңдай кредитімді жапқызып едім. Енді мұны қайдан табамын, деп уайымға батсын. Түнімен ұйқы-күлкі көрмей әлгі 850 мыңның шешімін тапты. Қарыз (несие) алатын болды. Қуандық. «Қарыз ал да қатын ал, қатының қалар жаныңа» деген, баспана алғалы

жатсың, кім қарыз емес бұ күнде, деп сусылдап жатырмыз.

... Бірақ, пәтер бұйырмады. Өзі отказ берді нақты айтқанда. Пәтерді көруге барған ғой. Биік 16 қабатты зәулім үй, жаңа, жарық. Бірақ 46 ш/м пәтер – кухня-студияда жалғыз терезе орналасқан. Даладай бір бөлме! Не бөлуге келмейді, не реконструкция жүрмейді. «Тым болмаса, 2 терезесі болса да ойланбас едім. Терезесіз бөлме болмайды. Ұл-қыздарым бар, өсіп келе жатқан. Жалғыз бөлме болмайды ғой. Қазіргі тұрып жатқан үйімнің кең түрі демесеңіз, айырмасы жоқ. Бір кең қора» деп күйінді. «Бақытты отбасы» туралы ақпарат оқысам, осы оқиға еріксіз ойыма оралады. Өзі көп балалыларға беріледі, ол сомаға тым құрыса 2 бөлме пәтер келмейді. Сонда оларға қайтпек керек?

**Өтіргүл ТӘШІМОВА**



## МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ



### БЕРЕКЕ-БІРЛІК КЕЛІСІМ-ЕҢ АСЫЛ БАЙЛЫҚ ЕЛ ҮШІН

Тарихтың алтын парақтарына көз жүгіртер болсақ, қаншама уақыт сағаттар өткенмен тарих қойнауындағы Қазақ халқының орны мәңгі өшпес. Атам заманан бері береке-бірлікті тұмар еткен халық екеніне тарих куә. Әсіресе өскелең ұрпақ тәрбиелеуді басты мақсат етіп, ру мен рудың, ағайын мен туыстың, көрші-қолаңмен жақын жандарының тату, сыйлы, бауырмал болғанын қалаған. Сондықтан ел арасында «Ит пен ит ырылдасса, тамағының тоқтығы. Жігіт пен жігіт қырындаса, ынтымағының жоқтығы», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі кетеді», «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» деп өсиет еткен.

Қазіргі таңда «көп ұлтты Қазақстан» көптеген ұлт өкілдерінің ортақ отбасына айналды. Өлемнің көптеген елдеріндегі ішкі жағдайды көріп те, естіп те жүрміз. Десе де дәл біздің Қазақстандағыдай ұлттар арасында бірлік пен достық институтының толыққанды және тиімді жұмыс істеп тұрғанын кездестірмедік. Бірақ бұл ауыр әрі қиын міндет Қазақстанның қолынан келді, бұл әрине біз үшін қуанарлық жайт болмақ.

Кез келген елдің тілегі де, арманы да халқының бейбітшілігін сақтап, береке-бірлікпен өмір сүру екені шүбәсіз. Бейбіт өмір-бақыт әкелу мен бірге, болашаққа өрлеу мен өркендеуге жол ашады. Сондықтан да дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік байлық» деп текке айтпаса керек.

Өткен тарихқа көз тастар болсақ, адамзат небір сұрапыл соғыстардан көз ашпады. Қаншама елдер соғыс зардабынан құлдырап, азып-тозды. Шынтуайтында қазіргі таңда ішінара елдерде болып жатқан соғыс ерттері біз сияқты бейбіт өмір сүріп жатқан жастарға ертегі сияқты естілсе керек. Қай ұлт, қай ел болмасын бейбітшілікті, бірлікті, ашық аспан мен бақытты, терезесі тең, керегесі кең елдер қатарында болуды аңсайды. Өйткені, татулық пен келісім, бейбітшілік пен тұрақтылық бар елді бақыт өзі іздеп келеді. Қабан (Қабылиса) жырау:

Бақыт қайда барасың?

Көршімен болған бірлігі,

Тағат, ғибадат тірлігі

Ұйымшыл елге барамын, – деп жырлаған екен.

Адамдар арасында бірлік болса, олар ынтымақты, тату-тәтті өмір сүреді. Өзара сыйласып, ұйымшылдық көрсеткен кезде ғана бірлікке қол жеткізуге болады. Халқының қамын жеген Әлихан Нұрмұхаметұлы Бөкейхан: «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсаты сонда орындалады. Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» – деп ынтымақ-бірлікке үндеген. Ал, ынтымақ-бірлікке апаратын жол халықтың өзара тату болуы. «Бірлігі бар елдің белін ешкім сындырмас» дейді ұлы халқымыз. Расында халықтың ынтымағы мен ауызбірлігін сақтау әрқашанда маңызды болып қала бермек. Кешегі бабалар өмірі де мұны бізге сабақ етеді.

Халқымызда «Ынтымақсыз елді – ұрысы билейді. Ынтымақты елді – дұрысы билейді» деген қанатты сөз бар. Ендігі халқымыздың арман тілегі егемен елді «Мәңгілік елге» айналдыру. Қазақстан- ұлы дала елі! Қазақстан мәңгілік татулық пен бірліктің мекені болмақ! Еліміз аман жұртымыз тыныш болсын, халқымызды алауыздықтан сақтап, бірлігі жарасқан ел болайық!

Құмаргүл ДОСАНХАНҚЫЗЫ,  
1-курс студенті



### 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Қазақстан үшін бұл мерекенің ерекшелігі қандай?

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 365 мүшесі, 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – мерекеге әртүрлі мәдени орталықтар атсалысады. Олардың мақсаты – Қазақстан халқын өзге халықтардың дәстүрлерімен таныстыру. Мейрамға еңбек ұжымдары, ЖОО студенттері, әртүрлі қоғамдық бірлестіктердің өкілдері белсенді қатысады.

Мерекенің ең бір жарқын көрінісі – этномәдени көрме. Еліміздегі басты қалалардың көпшілік жиналатын саябақтарында, мәдени орындарында Қазақстанда тұратын барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің ұлттық баспаналары тұрғызылады. Шағын музейлерден белгілі бір ұлтқа тән киім үлгілерін, үй заттарын, әшекейлерді көріп, ұлттық тағамдарының дәмін татуға болады. Сонымен бірге, бұл күні Қазақстан музейлері мен кітапханалары Қазақстанда тұратын халықтарға арналған көрмелер ұйымдастырады. Мейрам Қазақстан халқын ел аумағында тұратын өзге ұлттардың мәдениеті және дәстүрлерімен таныстырып, ұлт тұтастығын нығайта түседі. Біздің оқу ордамызда түркі дүниесінің 19 елінен келген 40-тан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері білім алуда. Барлығымыз бір тудың астында тату-тәтті өмір сүрудеміз. Еліміз аман-жұртымыз тыныш болсын! Қазақстан халықтарының береке бірлігі бекем болып, мерекеміз тойлана берсін! Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып барша отандастарымызды мерейлі мерекемен құттықтағым келеді.

Ербақыт НЫҒМЕТ  
1-курс студенті



## ӘЛЕМНІҢ 22 ЕЛІНЕ САЯХАТТАҒАН ТҮРКІСТАНДЫҚ ЖИҢАНГЕЗ

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Дайындық факультетінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Мукаддес Мырзахметова әлемнің 22 елін аралаған екен. Кейіпкеріміз сұхбат барысында саяхатқа шығуды армандап, жоспарлап жүрген жандарға бірқатар кеңестерін айтты. Саяхаттау барысында болған қызықты оқиғаларымен бөлісті. Сондай-ақ ағылшын тілін үйренудің ең тиімді жолдарын атап өтті. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін қызыл дипломмен тәмамдаған ол, жоғарғы оқу орнын үздік бітіруді армандап жүрген студенттерге өз тәжірибесімен бөліскен болатын.**

– Мукаддес ханым, әлемнің 22 еліне саяхаттағаныңыз рас па? Нақтырақ айтқанда қай елдерде болдыңыз?

– Иә, рас. Мен Ресейде, одан кейін Польша, Нидерландия, Франция, Германия, Швеция, Амстердам, Түркия және тағы да басқа көптеген елдерде болғанмын. Мен саяхаттауды өте қатты жақсы көремін. Магистратураға түскенімде әпкем сыйлық ретінде Ресейге билет алып берді. Ол шетелге алғаш рет шығуым болатын. Содан кейін саяхаттауды тоқтатпадым. Алдағы уақытта баруды жоспарлап отырған мемлекеттер әлі көп. Осымен тоқтап қалғым келмейді. Бүгінге дейін Батыс елдерін араладым. Иншалла, пандемия аяқталған соң Қытай, Моңғолия, Индияға барамын деп жоспарлап отырмын.

– Шетелге саяхаттағанда сізде қорқыныш сезімі бола ма? Қанша дегенмен жат ел, бейтаныс адамдар дегендей...

– Бірінші саяхаттағанымда қорыққаным рас. Өйткені өзімнің қаламнан, үйімнен алыстап шықпаған қыз едім. Бірақ Ресейге барғаннан кейін саяхаттағым келіп тұратын болды. Басқа елге барғаныңда барлығы басқаша және жаңа нәрселерді үйренгенде алған әсерімді сөзбен жеткізе алмаймын. Алғашқы кезде қорықтым. Одан кейін саяхатқа деген қызығушылығым артты.

– Саяхаттағанда қызықты оқиғалар көп болары сөзсіз. Сондай жәйттардың біреуін оқырмандармен бөліссеңіз.

– Әлбетте, ондай жәйттар көп. Есімде қалған бір оқиға бар.



Мен Польшада білім алып жүрген кезімде, әпкем Германияда оқып жатқан еді. Сол кезде Кристмас (Christmas) уақыты еді. Тосын сый істегім келіп, билет алып Германияға бармақшы болдым. Германияда әпкемнен басқа ешқандай танысым жоқ және әпкеме де барайын деп жатқандығымды ескертпегенмін. Автобуска мінген уақытымда әпкем ғылыми жұмыспен Францияға кеткелі жатқандығын айтты. Ол кезде мен билет алып, автобуска мініп қойған едім. Әпкем болса Германияда жоқ. Билетті 5 күнге алғанмын. Оны артқа қайтаруға болмайды. Тәуекел жасап, Берлинге бардым. Кристмас мерекесі, мерекелік атмосфера болғандықтан менде ешқандай мәселе болмады. Сол жердегі адамдар үй тауып берді. Өте арзан болды деп ойлаймын. Бір апталық тұратын жерімді 30 еуроға берді. Тамағымды, барлығын арзан жерлерді көрсетті. Мұндай қызықты оқиғалар өте көп болды. Дәл қазір есіме түскені осы ғана.

Бет қатталып жатқанда..

Жақында «Bilim-orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен «Үздік студенттер академиясының» ұйымдастыруымен Тәуелсіз мемлекеттер достастығының 30 жылдық мерейтойына орай Халықаралық «XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ: ҮЗДІК СТУДЕНТ» байқауы өткен болатын. Осы байқауға университет атынан қатысқан ЖОО

– Саяхаттауға қызығып жүргендерге қандай кеңес бересіз?

– Көбірек армандаңыздар және соның орындалатынына сеніңіздер дегім келеді. Сондай-ақ сапар барысында шетелге шығуға арналған төлқұжатыңызды, телефонды және ылғалды салфетканы жаныңыздан тастамай, үнемі өзіңізбен бірге алып жүргеніңіз абзал.

– Саяхаттап жүргенде тіл мәселесі кедергі болмайды ма? Мысалы Германия, Франция секілді елдерде болғаныңызда сол елдің адамдарымен қай тілде сөйлестіңіз?

– Жоқ, кедергі болмады. Менің мамандығым ағылшын



тілі және филолог отбасында дүниеге келгенмін. Әпкем араб тілінің, әкем орыс тілінің маманы. Әпкем шетелде оқығандықтан үйде көбінесе ағылшынша сөйлесетін едік. Польшаға барардан бұрын ағылшын тілін жетік білетінмін. Бірақ, Польшаға барғанда бірінші айда қиналды. Өйткені кітаптағы ағылшын мен күнделікті қолданыстағы ағылшын екеуі екі түрлі нәрсе. Ал Германия, Францияда болғанымда тілге байланысты ешқандай кедергі, мәселе болмады. Себебі ол жақтағы адамдар ағылшын тілін біледі, ал үлкен жастағылар орысша да сөйлесетін еді. Сондықтан ешқандай қиындықтарды көрген жоқпын. Тек қана Польшада жүргенде оқу барысында ағылшынымды дамыту керек болды. Бірақ, бір айдан кейін үйреніп кеттік.

– Ағылшын тілін үйренудің ең тиімді жолдары қандай?

– Ағылшын немесе басқа да шетел тілін үйренудің тиімді жолы практика жасау деп ойлаймын. Яғни, сол тілде сөйлейтін қоғамға бару. Өйткені кітаптан оқығанда немесе репетиторға барғанда қаншама бет сөздерді жаттайсың. Бірақ, егер оны дұрыс жерде қолдана алмасаң үйренгеніңнің мәні жоқ деп ойлаймын.

– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін қызыл дипломмен тәмамдаған екенсіз. Жоғарғы оқу орнын үздік бітіруді қалайтын студенттерге өз тәжірибеңізбен бөліссеңіз.

– Студенттік шақ - әрбір адамның өміріндегі ең қызық кезең деп ойлаймын. Әрбір уақытыңды секундына дейін пайдалы өткізгеніңіз абзал. Ғаламтор немесе кино көріп емес, пайдалы бір кітап оқып, ізденісте болу керек. Ең маңыздысы баға үшін емес, өзіңді дамыту үшін әрдайым ізденісте болу. Өйткені әрбір пән мұғалімінің тапсырмасы келешектегі өмірге және жұмысқа деген дайындық деп ойлаймын. Сол себепті әрдайым ізденісте болыңдар. Бір орында тоқтап қалмаңдар. Менің ойымша өмірдегі ең жаман нәрсе – бір орында тоқтап қалу.

– Өз еліміздегі көрікті жерлердің қайсысы несімен есіңізде қалды?

– Иә, Қазақстанда шетелдегіден де әсем жерлер өте көп. Түлкібастың таза ауасы, көз тартар тұмса табиғаты маған қатты ұнады. Достарыма кейде қалжыңдап Түлкібасты Қазақстанның Швейцариясы деп айтамын.

– Әсерлі сұхбатыңызға рахмет! Еңбегіңізге табыстар тілеймін. Алар асуларыңыз, шығар белестеріңіз көп болсын.

Өңгімелескен:  
Гүлжан НИЯЗОВА  
1-курс студенті

дейінгі дайындық факультетінің тыңдаушысы Есенгелді Сағат жеңімпаз атанды. Ал жетекшісі Ағылшын тілі кафедрасының оқытушысы Мукаддес Мырзахметова ұйымдастырушылар тарапынан алғыс хатқа ие болды. Ректор өкілі Женгиз Томар байқау жеңімпазы Е. Сағат пен жетекшісі М.Мырзахметованы құттықтай отырып, диплом мен алғыс хатты табыстады. Білімгерімізді жеңісімен құттықтаймыз!

## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



## Üniversitemiz almati yönetim Üniversitesi ile bir mutabakat anlaşması imzaladı

Uluslararası kazak-Türk Hoca Ahmed Yesevi Üniversitesi ile dünya standartlarında sosyal sorumluluk sahibi işletmeler olan almati yönetim üniversiteleri arasında bir mutabakat anlaşması imzalandı.

Mutabakat Zaptı, iki üniversitenin liderleri Zhanar Temirbekova ve Asylbek Kozahmetov tarafından imzalandı. Temel amaç, sivil toplum örgütlerini ve sivil toplumu geliştirmek, eğitimi geliştirmek ve modern teknolojilerle çalışmak, ortaklıkları güçlendirmektir.



Etkinliğe Kazak Ulusal Sanat Üniversitesi Rektörü Ayman Musakhodzhaeva, Almati yönetim Üniversitesi Eğitim geliştirme Enstitüsü Müdürü Shynar Imangaliyeva, Rektör ve üniversite personeli katıldı. Buna ek olarak, toplantıda, Almati managmet Üniversitesi'nde kurulan sivil toplum kuruluşları Akademisi için ortak projeler oluşturmak üzere «Onqıystik hub» çalışması oluşturuldu. Toplantının sonunda, Kazakistan'da ilk işletme

okulu olan Almatın yönetim okulu Asylbek Kozhakhmetov'un kurucusu ve Başkanı üniversitemizi sıcak bir şekilde karşıladı ve yakın gelecekte iki eğitim kurumu arasında deneyim paylaşımı, işbirliği amaçlı çeşitli projeler gerçekleştirileceğini kaydetti.

## AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE AĞAÇLANDIRMA ÇALIŞMALARI DEVAM EDİYOR

Ahmet Yesevi Üniversitesinde çevre düzenlenmesi ve ağaçlandırma çalışmaları kapsamında 21 Nisan 2021 Çarşamba günü Gelişme ve Koordinasyon Daire Başkanı Ender Sayın ve Green Growth Kulübü öğrencileri 250 ağaç dikti.

Sonbaharda başlayan proje kapsamında Türkistan yerleşkesine toplamda 5095 ağaç dikildi.



## Dinleyicimiz «en iyi öğrenci» oldu»

Ulusal inovasyon Araştırma Merkezi» Bilim-orkenieti» ve «en iyi öğrenciler Akademisi «tarafından düzenlenen» 21.yüzyılın lideri: en iyi öğrenci»uluslararası Yarışması, geçtiğimiz günlerde Bağımsız Devletler Topluluğu'nun 30. yıldönümünü kutladı.

Yarışmanın galibi, üniversiteyi temsil eden Üniversite Öncesi Eğitim Fakültesi dinleyicisi Yesengeldi chas idi. Mirzahmetova Mukaddas Erkinova İngilizce Bölümü öğretim üyesi ise organizatörlerden teşekkür mektubu aldı. Rektör Temsilcisi Zhengiz tomar, yarışmanın galibi Esengelda hour ve Başkanı Mirzahmetov M. E.'yi tebrik etti ve diploma ve teşekkür mektubu verdi. Dinleyicimize tebrikler!



## Ukrayna'dan Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyemiz Prof. Dr. İbrahim Kalın'a Devlet Nişanı



Ukrayna; Devlet Başkanı Vladimir Zelenskiy'nin imzaladığı kararnameyle Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyesi, Cumhurbaşkanlığı Sözcüsü ve Cumhurbaşkanlığı Başdanışmanı, Büyükelçi Sayın Prof. Dr. İbrahim Kalın'ı devlet nişanına layık gördü.

Devlet nişanını Ukrayna Büyükelçisi Andri Sybiha'dan alan Prof. Dr. İbrahim Kalın, Ukrayna Devlet Başkanı Sayın Vladimir Zelensky ve Büyükelçi Andrii Bey'e teşekkürlerini sunarak Türkiye-Ukrayna her alanda dostluk ilişkilerini ve iş birliğini arttırmaya devam edecektir, dedi.

## ГАЗЕТТИҢ ТҮПІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

## ÜNİVERSITEMİZDE “SOVYET DÖNEMİNDE KAZAK-TÜRK BİLİMSEL İLİŞKİLERİ ALKEY MARGULAN, ORHAN ŞAIK GÖKYAY, EMEL ESİN, TUNCER BAYKARA” PANELİ DÜZENLENDİ

16 Nisan 2021 tarihinde Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü, Mimar Sinan Güzel Sanatlar Üniversitesi, L.N. Gumilev Avrasya Milli Üniversitesi ile Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü iş birliğinde “Sovyet Döneminde Kazak-Türk Bilimsel İlişkileri: Alkey Margulan, Orhan Şaik Gökyay, Emel Esin, Tuncer Baykara” başlıklı e-Panel düzenlendi.

16 Nisan 2021 tarihinde gerçekleşen “Sovyet Döneminde Kazak-Türk Bilimsel İlişkileri: Alkey Margulan, Orhan Şaik Gökyay, Emel Esin, Tuncer Baykara” başlıklı panele Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Mimar Sinan Güzel Sanatlar Üniversitesi AVRASKA Merkezi Müdürü Prof. Dr. Abdulvahap Kara, L.N. Gumilev Avrasya Milli Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Tursun Jurtbay, Avrasya Milli Üniversitesi “Otrar Kütüphanesi” Araştırma Merkezi Müdürü Prof. Dr. Danagül Mahat, Marmara Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü Öğretim Üyesi Dr. Nusret Gedik ve Alkey Margulan’ın kızı Dr. Danel Alkeyeva katıldı.

Kazak aydınlarının dönemin Türk aydınlarıyla mektuplaşarak ilişkilerini sürdürdüğünü ifade etti. Türk halkları aydınlarının birbirine desteğinin ve yakın ilişkilerinin her zaman devam ettiğini vurgulayan Prof. Dr. Abdulvahap Kara, Sovyet döneminde de Kazak-Türk bilimsel ilişkilerinin Türk Dünyası’ndaki kardeşlik ilişkilerin bir örneği olduğunu ifade etti. Alkey Margulan’ın Sovyetler döneminde hiç korkmadan ve hayatını tehlikeye atarak Türk bilim adamlarıyla ilişki kurduğunu anlatan Prof. Dr. Abdulvahap Kara, Alkey Margulan’ın eserlerinin sadece Kazak toplumu için değil, tüm Türk halkı için de ortak bir hazine olduğunu kaydetti.

Panelin ikinci tebliğini yapan L.N. Gumilev Avrasya Milli Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Tursun Jurtbay, COVID-19’dan dolayı çok sıkıntılar içinde bulunduğumuz dönemde başta Türkiye ve Kazakistan olmak üzere tüm Türk Dünyası’nın yoğun iş birliği içinde olduğunu belirterek böyle bir işbirliği ortamında manevi değerlerimizi ve kültürel şahsiyetlerimizi iyi tanımamız gerektiğini vurguladı. Bu bağlamda Sovyet dönemindeki Kazak-Türk bilimsel ilişkilerinin araştırılmasının oldukça önemli olduğunu altını çizdi.

Panelin üçüncü konuşmacısı Avrasya Milli Üniversitesi “Otrar Kütüphanesi” Araştırma Merkezi Müdürü Prof. Dr. Danagül Mahat, öncelikle Türk Dünyası’nın ortak değerleri olan Alkey Margulan, Orhan Şaik Gökyay, Emel Esin ve Tuncer Baykara gibi aydınların tanıtılmasını destekleyen Ahmet Yesevi Üniversitesine şükranlarını sunarak tüm katılımcılara teşekkürlerini iletti. 20. yüzyılda mektubun insanların hayatında sadece bir iletişim aracı değil, bir kültür modeli olduğuna değinen Prof. Dr. Danagül Mahat, mektupların dönemin tarihsel süreçleri hakkında önemli bilgiler verebileceğini ve sosyal ve kültürel çevrede önemli rol oynadığını belirtti. Kazakistan ve Türkiye arşivlerinden Alkey Margulan’ın birçok önemli mektuplarının bulunduğunu söyleyen Prof. Dr. Danagül Mahat, onun Türk Dünyası bilim adamları ile yazışmalarının önemini çok yüksek olduğunu ve bunun daha çok araştırılması gerektiğini ifade etti.

Dördüncü olarak sunumunu video kayıtlarıyla paylaşan tarihçi, yazar Tuncer Baykara; döneminde Kazak kültürü, tarihi, edebiyatı ve arkeolojisi hakkındaki bilimsel çalışmaların gelişimine önemli katkı sağlayan ansiklopedist Alkey Margulan ile nasıl ilişki kurduğunu ve mektuplar yazıştığını hakkında hatıralarını anlattı.

Panelin beşinci sunumunu yapan Marmara Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü Öğretim Üyesi Dr. Nusret Gedik, ana hatlarıyla Türk Dünyası aydınlarının kardeşlik ve bilimsel ilişkileri devam ettirme hakkında derin bir anlayışa sahip olduğunu belirtti. Bu bağlamda Orhan Şaik Gökyay’ın biyografisi hakkında biraz bilgi vererek hayatını anlattı. Orhan Şaik Gökyay’ın edebiyat alanında şairliğinden ziyade, eleştirmenliği ve araştırmacılığı ile öne çıkan bir yazar olduğunu söyleyen Dr. Nusret Gedik, şairin Türk Dünyası’ndaki aydınlarla temaslarının temelini oluşturan mektuplarından örnekler sundu.

Panelin altıncı sunumunu Alkey Margulan yaptı. Babası hakkında güzel hatıralarını aktaran Dr. Danel Alkeyeva, babasının hayatı boyunca bilimsel çalışmalarla ilgilendiğini ifade etti. Alkey Margulan’ın Türk Dünyası’ndaki bilim adamlarıyla bildiklerini paylaşan, elinden gelen türlü yardımı yapmaya çalışan, kendisine sorulan soruları cevaplandırmak için uzun mektuplar yazmaktan geri durmayan ve hocalık hayatında binlerce öğrenci yetiştiren bir bilim adamı olduğundan bahseden Dr. Danel Alkeyeva, Alkey Margulan’ın bilimsel çalışmalarının Türkçe başta olmak üzere diğer Türk dillerine kazandırılmasının önemli olduğunu altını çizdi.

Panelin sonunda katılımcılar konuyla ilgili görüş alışverişinde bulundular. Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç. Dr. Vakur Sümer yaptığı kapanış konuşmasında, söz konusu panelde güzel bir konunun ele alındığını ifade ederek tüm katılımcılara ve panele emek verenlere teşekkürlerini iletti.

Panelin moderatörlüğünü Ahmet Yesevi Üniversitesi Türk Filolojisi Bölüm Başkanı Prof. Dr. Bülent Bayram gerçekleştirdi. Kazakistan ve Türkiye’den panele katılan önemli bilim insanları genelde Sovyet dönemindeki Kazak-Türk bilimsel ilişkilerini ele alarak özelde Alkey Margulan, Orhan Şaik Gökyay, Emel Esin ve Tuncer Baykara’nın Türk Dünyası için yaptığı büyük katkılarından bahsetti.

Açılış konuşmasını yapan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Üniversitenin temel amacının Türk Dünyası’nda eğitim ve bilimin gelişmesine katkıda bulunmak olduğunu vurgulayarak Üniversite misyonu çerçevesinde bu tür bilimsel etkinliklerin düzenlenmesi ve Türk Dünyası aydınlarının tanıtılmasının büyük önem taşıdığını belirtti. Bu bağlamda Sovyet dönemindeki Kazak-Türk bilimsel ilişkilerinin örneği olan Alkey Margulan, Orhan Şaik Gökyay, Emel Esin, Tuncer Baykara gibi bilim adamlarının arasındaki ilişkilerin incelenmesi gereken meselelerin biri olduğunu dile getirdi.

Panelin ilk tebliğini yapan Mimar Sinan Güzel Sanatlar Üniversitesi AVRASKA Merkezi Müdürü Prof. Dr. Abdulvahap Kara, ana hatlarıyla, Sovyetler Birliği’ni yıkan gücün silah değil, milli ruh olduğuna değinerek o dönemdeki tüm yasak ve kontrollere rağmen, Alkey Margulan gibi

## Ahmet Yesevi Üniversitesinde Yurtta Kalan Öğrencilere Kumanya Dağıtıldı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı, Rektörlüğü ve Sultanbeyli Belediyesi tarafından Türkistan yerleşkesindeki yurtlarda kalan Türk Dünyası öğrencilerine Ramazan ayı münasebetiyle 26 Nisan 2021 Pazartesi günü kumanya dağıtıldı.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar’ın da katıldığı etkinlikte öğrencilerle sohbet edilerek Ramazan ruhu yaşatılmaya devam edildi.



## СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СӨЗДЕРДІҢ КӨБІ БІЛЕ БЕРМЕЙТІН  
МАҒЫНАЛАРЫ

## «АЛЛО» СӨЗІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАНЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

Біреу қоңырау шалғанда бәріміз «Алло» дейміз. Алайда, ол кісі есімі екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Сондықтан осы сөздің мағынасын «Ясауи университеті» газетінің оқырмандарымен бөлісуді жөн көрдік.



Ең алғашқы телефонды Александр Грахам Белл атты ғалым ойлап тапқан. Бірақ, ол кездегі телефон қазіргідей сымсыз смартфон емес. Оны тек ұзын сымдарға жалғанған телефон желісі арқылы ғана қолдануға болатын. Белл бірінші телефон желісін сүйіктісінің үйіне орнатты. Сүйіктісінің

аты Алессандра Лолита Освалдо еді. Грахам Беллге тек сүйіктісі ғана қоңырау шалатын. Телефон шырылдағанда «Алессандра Лолита Освалдо» деп айту ұзақ уақыт алатын болды.

Біраз уақыттан соң Грахам Белл сүйіктісінің атын қысқартып, «Але Лол Ос» деп атай бастады. Жұмысы алға жылжи бастаған кезде уақыты тығыз болуына байланысты сүйіктісінің атын тағы «АЛО» деп қысқартты. Содан кейін тұтқаны көтергенде «АЛО» деуді әдетке айналдырды.

Белл қаладағы бірнеше жерге телефон желісін орнатты. Адамдар, телефон шырылдағанда Белл секілді «АЛО» дейтін болды. «АЛО» сөзі осылай пайда болған екен.

## «СЕЛФИ» СӨЗІ ҚАНДАЙ МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ?

«Селфи» сөзінің түбірі «селф»(self) ағылшын тілінен қазақшаға аударғанда қимылдың өзіне бағытталуын, өзінен-өзі істелетін қимыл ұғымдарын білдіретін күрделі сөздердің бірінші бөлімі. Мәселен, self-love – өзін сүю, self-control – өзін ұстай білу, сабырлық таныту.

## НЕЛІКТЕН «СМАРТФОН» ДЕП АТАЙДЫ?

Смартфон сөзі ағылшын тілінде smart – ақылды, phone телефон дегенді білдіреді. Компьютердің көптеген функцияларын орындайтын, интернетке қосылу және жүктелген бағдарламаларды іске қосуға қабілетті болғандықтан смартфон деп аталады.

## АҢЫЗДАР ТОПТАМАСЫ

## ШЫТЫРМАНДА ШЫНДЫҚ БАР

- Түркістанның тарихы өте тереңде жатыр. Бала кезімізде Шошақ Әулие деп аталатын бір үлкен, бір кіші төмпешік бар екені есімде қалыпты. Кіші төмпешік жұмыртқаға ұқсайтын. Бір күні өжем әлгі төмпешік жайлы бір аңыз айтып берген еді, – деп бастады сөзін орыс тілінен дәріс беретін ұстазым Ләйлә Бекзатханқызы. - Қ.А.Ясауи кесенесі салынып жатқан кезде Ираннан шақыртылған архитектор жігіт мен Яссы патшасының қызы бір-біріне ғашық болыпты. Алайда, екеуінің үйленуіне патшаның қарсы боларын білген олар ешкімге айтпай қашып кетіпті. Бірақ, оларды қыздың ағалары тауып алып, жігітті төрт жағынан төрт атқа байлапты. Төрт ат төрт жаққа шапқанда байғұс жігіт парша-паршасы шығып, бөлініп, өліп қалыпты. Патша қызын өлімге қимай, жердің астына үй салғызып, сонда өмір сүруге жіберген екен. Жұмыртқаға ұқсайтын төмпешіктің жоғарғы жағында тесік болыпты. Содан жер астындағыларға азық-түлік беріп тұрған екен. Патшаның қызы қай жылы дүниеден өткені беймәлім.

## ӘР НӘРСЕНІҢ ҚАЙЫРЫ БАР...

Күндердің бір күнінде патша уәзірі мен нөкерлерін ертіп аңға шығыпты. Орман арасында жүргенде нөкерлерінің бірінің атқан жебесі патшаның саусағына тиіпті. Уәзірі патшаға «болар іс болды, әр нәрсенің қайыры бар» депті. Алайда, бұл оның үнемі айтып жүретін сөзі еді. Кез-келген жағдайда солай айтуды әдетке айналдырған екен. «Менің саусағым жараланып, шыдатпай ауырып жатқанда сен не айтып тұрсың? Мұны зынданға апарып, қамандар» - деп бұйырыпты қаһарына мінген патша. Уәзірі тағы да «әр нәрсенің қайыры бар» - депті. Патша одан бетер ызаланып, оған ас-су бермеуді әмір етіпті. Патша сарайына оралып, саусағын емшіге көрсетіпті. Бірақ, саусағы емдеуге келмейтін болғандықтан жаралы саусағын кесіп, орнын тігіп қойыпты. Солай патша бір саусағынан айырылып, тоғыз саусағымен қалыпты.

Арада біраз күн өткен соң, патша зерігіп тағы да аңға шыққысы келіпті. Уәзірін ертіп шығайын десе оны зынданға қамағаны есіне түсіп, аңға жалғыз өзі шығыпты. Орманда жабайы адамдар ұстап алып, қол-аяғын байлап, Құдайға құрбандыққа шалуға тайпа көсемдерінің алдына

апарыпты. Тайпа көсемі оның бір саусағы жоқ екенін көріп: «Біз Құдайға бір саусағы жоқ адамды қалай құрбандыққа шаламыз? Бұл жарамайды. Алып келген жерлеріңе қайтып апарыңдар» - деп айғайлапты. Аман-есен құтылғанына қатты қуанған патша сарайына қайтып келіп, уәзірін зынданнан босатып: «Сені зынданға бекер қаматқан екенмін» - деп өкінетінін жеткізіпті. Уәзірі өзінің аштан аш тар қапаста отырғанына риза екенін айтыпты. Патша: «Түрің болса мынау, сақал-мұртың өсіп, тамақ ішпей азып-тозып, әбіржіп кетіпсің. Неге зынданда отырғаныңа сонша қуанып тұрсың» - десе, уәзірі: «Сіз зынданға қамамасаңыз мені де аң атуға ертіп кетер едіңіз. Сонда жабайы адамдар бір саусағы жоқ деп сізді босатып, мені өлтірер еді. Одан да зынданда отырғаным өзім үшін қайырлы болған екен» - депті.

## ЖҰМБАҚ

Бағзы заманда бір патша болыпты. Оның жалғыз ұлы бар екен. Патша баласы ілім-ғылым үйренсін деп данагөй, ғұламалардың қолына беріпті. Арада біраз жыл өткен соң бала ержетіп, әкесінің сарайына оралады. Патша уәзіріне: «Ұлым есейді, менің орныма таққа отырар уақыты жетті. Бірақ, балам елді дұрыс басқара алар ма екен?» - деген уайымын айтыпты. Уәзірі: «мен ханзада келгенде оған бір жұмбақ жасырайын. Соның жауабын таба алса нағыз патша болуға лайық жігіт болғаны» - депті.

Ханзада сарайға келгенде уәзір салмағы, түрі, үлгісі жағынан бірдей, бір-бірінен аумаитын үш мүсін әкеліпті де «Мына мүсіндер бір-біріне қатты ұқсағанымен бұлардың бағасы әртүрлі. Біреуі жүз тиын, екіншісі бес мың, ал үшіншісі миллион тұрады. Мұның сыры неде деп ойлайсың? Егер осы жұмбақтың жауабын дұрыс тапсаң патшамыз саған тағынан түсіп, саған орнын береді. Таба алмасаң тақты ұмыта бер» - депті. Ханзада ойлануға бір күн уақыт беруін және түнде мүсіннің жанында қалуға рұқсат сұрапты. Уәзір патшаға оңашада: «Жауабын білмесе де ойдан бірдеңе айта салмай ойлануға уақыт сұрағанының өзі көрегенділіктің белгісі. Жауабын таңға дейін күтейік. Бастама-

сы жаман емес» - депті.

Таң атысымен патша мен уәзірі ханзаданың бөлмесіне келіпті. Ханзада мүсіндердің құлағына, аузына, мұрнына жіп кіргізіп көрсетеді. Бірінші мүсіннің көзінен, құлағынан кіргізген жіп аузынан шығыпты. Екінші мүсіннің құлағына жіп кіргізсе аузынан, аузына кіргізсе көзінен шығыпты. Үшіншісіне мүлде жіп кіргізсе алмапты. Оның ешқандай тесігі жоқ екен. Хан-



зада: «Егер бірінші мүсін секілді қыз алсам, ол сарайдың ішкі саяси құпияларын сыртқа жаяды. Құлағымен естігенін аузымен таратады. Екіншісі де сондай. Үшіншісі сарайымыздың ішкі құпиясын көрсе де көрмегендей, естісе де естімегендей болатын, сыртқа жаймайды. Мен осындай қызға үйленуім қажет» - депті. Патша орнынан тұрып, тағын жас ханзадаға босатып беріпті.

Интернет материалдары негізінде  
жинақтаған: Гүлжан НИЯЗОВА

## Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:

Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru